

Қазақстан Республикасында діни экстремизммен күрес туралы қолданыстағы заңнаманың құқықтық негіздері

А.Б. Сманова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада діни экстремизмнің ұғымы мен күресу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында қабылданған заң актілерінің нормативтік-құқықтық базаның құқықтық негіздеріне кешенді талқылау берілген.

Қазіргі заманда адамзаттың жаһандану мәселелерінің бірі ретінде экстремизмге қарсы күрес болып табылады. Діни негіздегі экстремизм мәдени, экономикалық және заңды кеңістіктердегі жаһандану үрдісінің байланысы, бұл объективті үрдіс топтар мен жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы қақтығыстар мен конфликтілерді, әртүрлі мәдениеттегі халықтардың және діни наным-сенімдердің наразылығын тудырады. Қазіргі өркениет пен дәстүрлі діндер туралы көзқарастар қарама-қайшылықтарға ие болуда.

Батыста мемлекеттік шекараны алып тастап, біріккен Еуропаны құру мақсатында, дәстүрлі жеңілдету мақсатында, конфессиялардың тарапынан негативті қарама-қайшы пікірлердің пайда болуынан қарқынды таластарды тудыруда.

Шығыста дәстүрлердің қақтығыстары өркениет заманында жаппай қантөгісті алып келуде. Бұған дәлел қазіргі таңдағы алыс және жақын шетелдердегі қоғамдық-саяси хал-ахуалы дәлел.

Қазіргі таңда діни наным-сенім жағдайында жалпы экстремизм деген терминге ғалымдар ортақ бір нақты мазмұн беретін анықтама берген жоқ. Сан түрлі пікірлер айтылуда. Нақтылап заңи тұрғыда айтатын болсақ қоршаған ортаға, қоғамға үлкен қауіпті құбылыс. Экстремизм терминіне сөздік қордан алып сараласақ (*extremus*) деген латын тілінен енген термин, сөздік мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көзқарас негізінде іс-әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Және де атап айтқанда, тікелей немесе жанама түрде жалпы демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі.

Экстремизмнің негізгі белгілері: біріншіден, мемлекетте диктатура орнатуды ашық жариялайды, яғни бұл дегеніміз елдегі азаматтардың саяси және азаматтық құқықтарын кемсіту; екіншіден, елдегі конституциялық құрылымды үзілді-кесілді мойындамайды, оны зорлық-зомбылық күшімен жоюға және билікті заңсыз басып алуға ашық түрде насихаттайды; үшіншіден, заңсыз қарулы жасақтар құрады; төртіншіден, елде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықты қоздырады, сонымен қатар, осы ерекшеліктер бойынша азаматтардың құқығын шектеуді мақсат етеді; бесіншіден, елде белгілі бір ұлттың немесе діни конфессияның тоталитарлық режимін орнатуға ұмтылады [1].

«Діни экстремизм» бұл қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді негізде насихаттау. Қоғамда зайырлықты қалыптастырмау үшін, оған қарсы әрекеттер жүргізе отырып, қоғамға белгілі бір діни конфессиялар арқылы, діни ағымдар бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын жүргізуде.

Жоғарыда аталған іс-әрекеттерді жасайтындарды қоғам тұлғалары экстремистер деп атайды. Соңғы уақыттары экстремистер өз мақсаттарына жету үшін «қанды террорлық» әрекетті құрал ретінде қолданып, әлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Экстремизмнің қай түрі болса да тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Кез келген ел үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі – дінді жамылып, діни наным сенімдерді ұрандата бүркемелеп ұлттар мен діндер арасына қарама-қайшы бір-біріне от қойып,

шағыстыру. Оның арты үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату. Халыққа өз діни идеологиясына сүйене, соған сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекетті құру негізгі ұштасқан мақсаттарының қатарына жатады.

Қоғамдық пікірге сүйене келе діни экстремизм бұл діни фанатизмнің тысқары шектен шыққан түрі. Яғни, кез келген экстремизмнің мәні насихат жүргізушілердің пікірлеріне құлақ аспай қосылмағандарға зорлық-зомбылық әрекеттерді ұштастыра отырып көрсету болып табылады. Діни экстремизм ғаламды жер шарындағы өмір сүріп жатқан адамзат қоғамына өзіндік сипатына тән көзқарасы мен діни фанаттық идеологиясын қалыптастырып дамыту мақсатында әрекет етуді ұйымдастырады. Терроризмнің шыңға шығып өркендеуі діни экстремизммен тығыз байланысты. Қазіргі таңда өмір сүріп жатқан қоғамымызда діни экстремизм қарқынды бағытта қанатын жайып, қоғамымызды дүрліктіру жолында. Халықаралық экстремизм мен терроризмге қарсы тиімді күрес жүргізу үшін барлық қоғам мүшелерімен ұйымдаса отырып, бірігіп күшейту қажет. Себебі жеке дара бұл күшпен күресу мүмкін емес, күресу үшін жаппай біріге отырып жеңу жолдарын қарастыру қажеттігі туындап отыр.

2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы «Ғаламдық терроризммен күрес» стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта БҰҰ-ға мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішінін бір жақты айыптайды және осыған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендігін көрсетеді. Стратегияны әр мемлекет шынайы түрде іске асырып жатса, діни экстремизм мен күрес шын мәнінде өз нәтижесін берер еді.

2005 жылдың 18 ақпанында «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [2]. Аталған нормативтік-құқықтық актінің 10-бабы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деген нормалардан тұрады. БҰҰ-ның «Ғаламдық терроризммен күрес» бағдарламасына сәйкес келеді. Еліміз аталған бағдарлама аясында бір жыл бұрын қабылданған

заңы арқылы экстремизм және терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресу үшін дайын екендігін анықтаған.

Қазақстан өз жағынан аумақтық-аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сонымен қатар, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнату үшін барлық жігер ынтасын сала отырып, ұйымдаса жүзеге асыратынын паш етті. Оған дәлел ретінде еліміздің 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген ұйым құрылып, 2001 жылдың 1 маусымынан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы аталған құрылым аясындағы экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудің нақты іс-шаралар қатарын жүргізу барысын жатқызса болады. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет ретінде ТМД-ның бір мүшесі ретінде де халықаралық экстремизммен күресу бағдарламасын бекітіп жұмысын жүзеге асыруда. Сол бағдарлама аясында 2000 жылы ТМД-ға мүше мемлекеттер арнайы антитеррорлық орталықта құрған болатын. Ол Орталық ТМД-ның арнайы салалық органы және ТМД-ға мүше мемлекеттердің құзіретті органдарының арасындағы байланысты қамтамасыз ететін үйлестіруші ретінде қызмет етеді.

1997 жылы ел Үкіметі «Миссионерлік әрекетпен айналысатын шетелдік азаматтарды және азаматтығы жоқ адамдарды аккредитивтеу тәртібі туралы Ережені» бекітті. 2005 жылдың шілдесінен бастап миссионерлік әрекет Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңымен реттеледі. Реті келгенде айта кететін жағдай, қоғамда қалыптасқан пікір бойынша миссионерлік қызметтің заңда берілген анықтамасы күрделі толықтыруды қажет етері анық. Бұл мәселені қазіргі таңда танымал қоғам қайраткерлері, ғалымдар, шығармашық зиялы қауымның көрнекті өкілдері, Парламенттің жекелеген депутаттары мен көкірегі ояу, көзі ашық қатардағы жұртшылық өкілдері жеткілікті деңгейде көтеріп келеді.

2004-2005 жылдары Қазақстанның Жоғарғы соты «Аль-Каида» ұйымын, «Шығыс Түркістанның исламдық партиясын», «Қурдтар халық конгресін», «Өзбекстанның исламдық қозғалысын», «Асбат-аль-Ансарды», «Мұсылман бауырларын», «Талибанды», «Боз гурдты»,

«Орталық Азияның моджахедтер жамаатын», «Лашкар-и-Тайбаны» және «Әлеуметтік реформалар қоғамын» лаңкестік ұйымдар деп тауып, олардың Қазақстан аумағында әрекет етуіне тиым салды. 2005 жылы Астана қаласының соты «Хизб ут-Тахрир аль-Исламиді» экстремистік ұйым деп тауып, оның қызметіне ел көлемінде нүкте қойды. Қисыны келгенде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-ші бабы, 3-ші тармағында діни негізде құрылған партиялардың іс-қимылына тиым салынатыны жазылғанын атап өткен жөн. 1999 жылы Қазақстан Республикасының «Терроризммен күрес туралы» Заңы, 2002 жылы 19 ақпанда «Қазақстан Республикасында терроризммен күрес туралы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы, 2005 жылы Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы күрес туралы» және «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жайлы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары қабылданды. Аталған заң актілеріне сәйкес, экстремистік және террористік әрекеттер үшін жауапкершілік күшейтіле түсті.

Мемлекеттік билікті жүзеге асырушы заң

шығармашылық, атқарушылық, сот органдарының тарапынан мемлекеттің тыныштығын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілер толыққанды қабылданып жүзеге асырылуда. Бірақ ол нормалардың сақталуын, орындауын, пайдалануын, жалпы айтқанда жүзеге асыруын қоғам мүшелері қамтамасыз ету қажет. Қорыта айтқанда, осындай діни экстремизм деген құбылыспен күрес жүргізу өзіміздің қолымызда.

Және де орта және жоғары оқу орындарында барынша отансүйгіштікке бағыттауды, білім мен қоса тәрбие мәселесін дұрыстап қолға алу керек. Болашақта «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп Абай атамыз айтқандай, өкініш сезімі көкейімізде қалып жүрмесін.

Әдебиеттер

1. Дүйсенбаев Ж. Діни экстремизммен күрес күшейтілуі тиіс // <http://i-news.kz/news/>
2. О противодействии экстремизму. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 года № 31. Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2005 г., № 5, ст. 3 (вышедшие из печати: 21.03.2005 г.); «Казахстанская правда» от 26 февраля 2005 года № 45-46.

А.Б. Сманова

В статье раскрывается понятие религиозного экстремизма и пути борьбы с ним. А также описан комплексный анализ правовых основ с нормативной правовой базой законодательных актов принятый Республикой Казахстан, обеспечивающий безопасность всего народа.

A.B. Smanova

The article deals with the concept of religious extremism and the way to combat it. Also describes a comprehensive analysis of the legal framework of the legal and regulatory framework of legislation passed by the Republic of Kazakhstan that provides security of the people.